

# «Жігіт ерлтананы – 2013»

25 сәуірде Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің акт залында оқу ордасының 50 жылдығына арналған дәстүрлі «Жігіт сұлтаны - 2013» байқауы өтті.

Қатысушыға қойылған басты талаптар «Таныстырсам өзімді», «Сегіз қырлы, бір сырлы», «Ескірмейтін есті сөз», «Кім жылдам?» атты сайыстардан тұрды. «Жігіттің сұлтаны» атануға үміткерлердің тек сырт келбеті мен сымбатына ғана иек артпай, өнерін, ақылы мен тапқырлығын Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы М.С. Ержакыпов бастаған, құрамына «NIDS» компаниясының директоры, облыстық жастар мәслихатының депутаты Д.С. Сатқанов, облыстық жастар мәслихатының аппарат жетекшісі А.Ш. Керешев, «Жас Отан» жастар қанаты БҚО атқарушы хатшысы Д.Қ. Қадыралиев, Орал қалалық «Теле-2» байланыс жүйесінің маманы, университетіміздің түлегі Т.Ж. Убышев, университеттің «Нарын сазы» ұлт-аспаптар ансамблінің жетекшісі Т.Ұ. Мәуленовтер енген қазылар алқасы саралады.

Аталған шараға «Әлім» ЖШС атқарушы директоры, Орал қалалық мәслихатының депутаты Е.Қ. Бақтияр арнайы қонақ ретінде қатысты.

«Таныстырсам өзімді» атты алғашқы сайыста үміткерлердің жаңалыққа ұмтылғандары байқалып, бейнеролик, слайд, монолог түріндегі таныстырылымдары бір-біріне ұқсамай, еркін көсіле білді.

Ал өнер сайысы көпшілік күткен межеден көрінді. Есениязов Мереке (машина жасау факультеті, МС-11 тобының студенті) «Соқыр ана» атты монологты жүрекке жеткізе оқыса, Өзбеков Рустам (машина жасау факультеті ПГС-24 тобының студенті) тамылжыта ән салды. Қажмұратов Ерлан (экономика және бизнес факультеті



**Райымбек МҰҚАШЕВ - «Жігіт сұлтаны»**



теті БФ-24 тобының студенті) рэп оқып, таэквандомен шұғылданатынын паш етіп, әдіс-тәсілдерін көрермен назарына ұсынды. Айғалиев Ернар (агрономия фа-

культеті ЛР-31 тобының студенті) жалынды жастардың хитына айналған «Қазақ жастары» әнін орындаса, Ғаббасов Темірлан (агрономия факультеті ЗКР-11 тобының студенті) «Модерн» биімен сән-салтанат құрды, ал Мұқашев Райымбек (политехникалық факультетінің АТТ-21 тобының студенті) М.Мақатаевтың «Жоқ, дәрігер» атты өлеңін әртістік шеберлікпен оқып, көрермен жүрегін керемет әсерге бөледі.

Жігіттердің ақыл-парасатын таразыға салған «Ескірмейтін есті сөз» сайысында қатысушыларға қазақ халқының тарихы мен әдебиетіне, салт-дәстүріне қатысты және ситуациялық сұрақтар қойылды. Қатысушылардың кейбірі өздеріне берілген тапсырманы ойдағыдай орындаса, сұрақтың нақты жауабын айта алмай, тосылғандар да, аяқ астынан ұтымды жауап беріп, ұпайын еселеп алғандар да болды.

Ептілік пен жылдамдықты сынға салған «Кім жылдам?» сайысында

құрбан» дескен үміткерлер бұл тапсырманы да шама-шарқынша орындап шықты.

Барлық сыннан сүрінбей өтіп,



бас жүлдені жеңіп алған Мұқашев Райымбектің иығына «Жігіт сұлтаны – 2013» лентасы тағылып, қанатын қияға қомдап тұрған қыран мүсіні табыс етілді.

Жұлделі I орынды Қажмұратов Ерлан, II орынды Ғаббасов Темірлан қанжығасына байласа, III орынға Айғалиев Ернар табан тіреді. Есениязов Мереке мен Өзбеков Рустам арнайы аталымдармен марапатталды. Барлық қатысушылар дипломдар мен бағалы сыйлықтарға, сондай-ақ шара демеушісі «Теле-2» ұялы байланыс компаниясының арнайы сыйлығына ие болды.

Жігіттеріміздің сұлтанын анықтап, сарапқа салатын байқау келесі жылы да өз жалғасын таппақ. Тек қатысушылардың қарасы көбейіп, шараның шырайын келтірсе екен деген үміт арқалаттық ертеңгі күнге.